



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАР

2017 жылғы 26 қыркүйек

Д. Ақышев сақтандыру мәселелері жөніндегі заң жобасының негізгі бағыттары туралы айтып берді

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы сақтандыру нарығының орнықты дамуы үшін қажет. Бұл туралы ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Үкімет отырысында журналистердің осы заң жобасы туралы сұрақтарына жауап бере отырып хабарлады.

Заң жобасы, оның айтуынша, сақтандыру қызметтері қолжетімділігінің еліміздің ірі қалаларында ғана емес, өңірлерінде де өсуін, халық және бизнес үшін сақтандыру қызметтерінің сапасын арттыруды және құнын төмендетуді, сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейтуді, сақтандыру нарығының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етуді көздейтін жағдайлар жасауға бағытталған.

Ол заң жобасының негізгі бағыттарын атап өтті. Бұл онлайн-сақтандыруды енгізу, оның негізгі элементі Бірыңғай сақтандыру дерекқоры болып табылады, ол міндетті сақтандыру полистері бойынша бірыңғай есепке алатын ұйым және «қойма» болады.

Сондай-ақ, Д. Ақышевтың айтуынша, заң жобасы қазақстандық туристерді қорғау мақсатында шетелге баратын туристің мүлдік мүдделерін міндетті сақтандыруға көшуді көздейді. «Туроператор шетелге баратын туристі сақтандыруды баратын еліне және сапарының күн санына қарай міндетті сақтандырудың бір бағдарламасы бойынша шығу туризмі саласында жүзеге асырады», – деп нақтылады ҚРҰБ басшысы.

«Заң жобасы халықаралық практиканы ескере отырып міндетті сақтандыруды көздейді. Оған қоса, заң жобасында тараптардың сотқа жүгіну құқығын сақтай отырып, сақтандырудың барлық сыныбына омбудсманның өкілеттілігін кеңейту көзделген, – деп жалғастырды Д. Ақышев. – Заң жобасы Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының қосымша кепілдіктерін көздейді. Жүйеден кепілдіктерді төлеу аннуитет және басқа төлем шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру үзіліссіздігін қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылады. Заң жобасында жүйеге қатысушылардың жарналары есебінен қалыптастырылған қордың активтерін және акционерлердің салымдары есебінен қалыптастырылған активтерді бөлек есепке алу көзделген».

Қазақстанда инфляция баяулауын жалғастыруда – Д. Ақышев

2017 жылдың сегіз айының ішінде тұтыну бағасының өсуі 3,9%-ды құрады, бұл өткен жылдың көрсеткіштерінен төмен – 5,4%. Тамызда жылдық инфляция 7%-ға дейін баяулап, Ұлттық Банктің нысаналы дәлізінің ортасында болды. Одан басқа, бағалардың құбылмалылығы мен уақытша ауытқуларын есепке алмағанда, инфляцияның неғұрлым

орнықты бөлігінің бәсеңдеуі байқалады. Бұл жөнінде ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Д. Ақышев ҚР Үкіметінің отырысында БАҚ өкілдерінің сұрақтарына берген жауабында айтты.

«Қазіргі уақытта инфляциялық процестер шикізат нарықтарындағы жағдайдың орнықтылығы, ішкі азық-түлікпен қамтамасыз ету, сондай-ақ инфляциялық қысымның күшеюіне жол бермейтін экономикалық белсенділік пен тұтынушылық сұранысты біртіндеп қалпына келтіру жағдайында қалыптасуда», – деді ол.

Оның сөзінше, халықтың инфляциялық күтулері 2017 жылдың басынан салыстырмалы алғанда орнықты екенін көрсетті. Респонденттердің жауаптарындағы біраз ауытқулар сауалнаманың жалпы нәтижесіне айтарлықтай әсерін тигізбейді. «Инфляцияның бір жылға бұрын сандық бағалауы 2018 жылға арналған нысаналы дәліздің ішінде тұр және 2017 жылғы тамызда 6,5%-ды құрайды, – деп атап өтті Д.Ақышев. – Бұл ретте, жылдың соңында, төртінші тоқсанда, әдеттегідей, бағалардың маусымдық жоғарылауы байқалады, бұл жыл сайын болып тұрады».

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы теңгенің айырбастау бағамына қатысты ахуалға түсінік берді

ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Үкіметінің отырысында журналистердің еліміздің валюта нарығындағы ахуал туралы сұрақтарына жауап берді.

«Икемді бағам белгілеу жағдайында теңге бағамы іргелі факторлардың ықпалына сәйкес келетін және теңдік деңгейінде болады. Еркін өзгермелі айырбастау бағамы жағдайында валюталық бағам күн сайын құбылады. Бұл ретте айырбастау бағамының іргелі негізделген деңгейден ауытқулары Ұлттық Банктің өктемдігімен реттелуі мүмкін», – деді ол.

Мәселен, 2017 жылға тамызда Ұлттық Банк шетел валютасы жеткілікті түрде ұсынылмағандықтан оны сатушы ретінде болды. Ұлттық Банктің нетто-өктемдігінің көлемі 70 млн. АҚШ долларын құрады. Қыркүйектің бірінші аптасында да Ұлттық Банк шетел валютасын сату бойынша өктемдік жүргізді. «Қыркүйектің қорытындысы жөніндегі деректер Ұлттық Банктің ресми Интернет-ресурсында қазанның басында жарияланатын болады», – деп толықтырды Д. Ақышев.

Оның айтуы бойынша, күн сайын құбылып тұратын айырбастау бағамы сыртқы күйзелістерді автоматты түрде «жоюшы» қызметін атқаратын болады. «Ұдайы тепе-тең деңгейде тұратын айырбастау бағамы отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін үнемі қолдап отыруға, аталған күйзелістердің экономикаға және қаржы секторына жағымсыз әсерін жоюға мүмкіндік береді», – деп сөзін жалғастырды ҚРҰБ басшысы.

Д. Ақышев «Ұлттық Банк Қазақстан Үкіметімен бірге экономиканың сыртқы секторындағы ахуалға тұрақты түрде мониторинг жүргізеді және ол нашарлаған жағдайда тиісті шараларды қабылдауға дайын», – деп атап өтті.

Бүгін ҚР Үкіметінің отырысында ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын ұсынғанын еске саламыз.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz